Буды жіберу батырмасын басып тұрып, құрылғыны көлбеу жазықтық күйінде, жағаның бойымен жылжытыңыз.
- Көйлектің жеңің үтіктеу барысында құралды иықтан бастап, төмен қарай жылжытыңыз. Бос қолыңызбен көйлектің жеңің диагональ бойынша төмен қарай тартыңыз.
- Көйлектегі қалталарды үтіктеу барысында құралды жоғары қарай жылжытыңыз.

- Жұмыс аяқталғаннан кейін желілік баудың ашасын розеткадан шығарып, буландырғышқа суыту керек

Ескертпе! Киімді бумен жібітіп үтіктеген кезде, киімде кішкене ғана сулы дақтар пайда болуы мүмкін. Киім, сондай-ақ будың әсерінен дымқыл болуы мүмкін.

Ескертпе! Жұмыс барысында, яғни киімді бумен жібітіп үтіктеген кезде, құрылғыны үтіктегіш тақтаға, көлбеу бетке көлденеңінен қоймаңыз және оны кері қаратпаңыз. Керісінші жағдайда будың жіберілуі бір қалыпты болмайды. Буды оңтайлы жіберу үшін құрылғыны тігінен ұстаған дұрыс.

Назар аударыңыздар! Буды жіберу барысында үтіктелетін матаның астына қолыңызды қоймаңыз. Матаны шетінен ұстап, тегістеңіз.


Назар аударыңыздар! Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны адамға қарай беттеуге болмайды.

Ескертпе! Киімді бумен жібітіп үтіктегеннен кейін, киімнің кебуі қажет, бұған біраз уақыт кетуі мүмкін.

Ескертпе! Құрылғыны киімді жылдам түрде бумен жібітіп үтіктеу үшін қолдануға болады, сонымен қатар бұл құрылғыны киімдерді тегістеп алғашқы әдемі мыжылыссыз қалпына келтіру үшін қолданыңыз. Терең бүрмелі киімдерді бумен жібітіп үтіктеу үшін және ресми кейіпті құру үшін қосымша үтікті қолдануға кеңес беріледі.

Қондырма-қылшақты қолдану

Қондырма-қылшақ қалың және ауыр маталарға будың енуін жақсартып, бүрмелерді үтіктеуді жеңілдетеді, сонымен қатар, қосымша киімнен түктерді, яғни киімнің оң бетінде шығыңқы түктерді және одан да, киімнің ұсақ кірін ұқыптап кетіріп жояды. Бұл қондырма бумен жұмыс істеуге арналған.



- 1) Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғының (сопло) субүріккіш шүмегіне қондырма-қылшақты орнатыңыз.
- 2) Буды жіберу батырмасын басып тұрып, қондырманы матаның үстімен баяу түрде жүргізіңіз.
- 3) Қондырма-қылшақты орнату немесе алу алдында құрылғыны электр ток көзінен ажыратыңыз және ол суығанша күте тұрыңыз. Қондырма-қылшақты ажыратып алу үшін, қондырманы, оның бекіткішінен тартып, шешіп алыңыз.

Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейінгі кеңестер

- Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны сөндіру үшін құрылғының корпусындағы қуат көзін (қоректі) ажыратып қосатын
- Суға арналған сауытты (4) алыңыз, толтырғыш қақпағын ашып, қалған суды төгіп тастаңыз.

Суды тандау

Дистилденген немесе алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.

Сүзгіден өтпеген кермек суды пайдалану құрылғының қызмет ету мерзімін қысқартады.

6. ТАЗАРТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Құрылғыны тазартпас бұрын, құрылғыны сөндіріп, электр ток көзінен ажыратыңыз, содан кейін бұмен жібітетін үтіктегіш құрылғы суығанша күте тұрыңыз. Содан соң резервуардағы қалған суды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз.
- Тазалау барысында еріткіштерді және абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Бұмен жібітетін үтіктегіш құрылғының сыртқы қабатын және субүріккіш шүмегі (сопло) жағында орналасқан бу шығатын саңылаулары бар қабатты жұмсақ, дымқыл шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- Қондырмаларды құрылғыдан алдын ала ажыратып алыңыз да, ағын судың астында жуыңыз.
- Бұл әрекеттерді құрылғыны әрбір қолданып болған соң орындаңыз.
- Бұмен жібітетін үтіктегіш құрылғының сыртқы корпусын, оның электр желілік баусымын немесе электр желілік баусымның ашасын суға немесе өзге де сұйықтықтарға батырып салуға тыйым салынады.
- Құрылғыны салқын құрғақ жерде тік қалпында сақтаңыз.

Құрылғыны сақтау және тасымалдау жөніндегі ережелері

Сақтау жөніндегі ережелер

- Әр кезде құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, оның суды ағызатын саңылау арқылы резервуардағы қалған суды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз.
- Құрылғыны салқын құрғақ жерде, тік қалпында сақтаңыз.
- Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Тасымалдау жөніндегі ережелер

Электрлі құралдарды нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құралды тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы пайдаланыңыз.

Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей атмосфералық жауынның түсуінен, агрессивті ортадан сақтау қажет.



Өрттің пайда болуын алдын-алу, электр тогымен зақымданбау, құралды пайдалану барысында жарақаттан сақтанып, оны бүлдіріп алмас үшін, құралды қолдану барысында қауіпсіздік сақтау жөніндегі ережелерінің негізгі талаптары мен шараларын, сондай-ақ электр құрылғыларымен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң түрде қадағалап тұрыңыз және осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік сақтау жөніндегі ережелерінің талаптары сақталуға тиіс.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Ескертпе: Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымды кәдеге жарату барысында пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттар, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру

7. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚЫЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА

Егер қандай да бір кішкене мәселе туындайтын болса, оның пайда болу себебі анықталғанда, әдетте, бұл мәселе оңай түрде шешіледі.

АҚАУ	АҚАУДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ	МҮМКІН ШЕШІМІ
Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыдан шықпайды. бу	<ul style="list-style-type: none"> Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғы қажетті температураға дейін қызған жоқ. Буды жіберу батырмасы толығымен басылған жоқ. Суға арналған резервуарында судың мөлшері аз. Суға арналған резервуар дұрыс орнатылмаған. Сіз бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны кері қаратып ұстап тұрсыз, соның салдарынан резервуардан су бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыға жетпейді. Сіз бумен жібітетін үтіктегішті көлбеу көлденеңінен ұстап тұрсыз және киімдерді жазық бетте үтіктеп тұрсыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Жұмысты бастамас бұрын құрылғы жұмыс температурасына дейін қызғанша шамамен 30-35 секунд уақыт күте тұрыңыз. Буды жіберу батырмасын жақсылап, тығыздап басыңыз. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны электр ток көзінен ажыратыңыз, оның суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз. Құрылғының суға арналған резервуарын дұрыс орнатыңыз. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны тігінен ұстаңыз. <p><i>Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғының бұл моделі тігінен бумен үтіктеуге арналған. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны киімді көлденең үтіктеу үшін қолданбаңыз.</i></p>
Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыдан, яғни оның (сопло) шүмегінен су тамшылайды.	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғының суға арналған резервуары дұрыс орнатылмаған. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғы қажетті температураға дейін қызған жоқ. 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай.
Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыда жұмыс істеп тұрған сорғының дауысы естілуде/құрылғының тұтқасы дірілдейді.	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғының шүмегінде одан әрі буға айналатын судың мөлшері азайып қалды. Резервурда су жеткіліксіз 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай. Резервуарды сумен толтырыңыз.
Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғы қызбай тұр.	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы дұрыс іске қосылмаған. 	<ul style="list-style-type: none"> Электр желілік ашаның электр розеткасына дұрыс жалғасып тұрғандығына, және де розетканың жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізіңіз.



Өрттің пайда болуын алдын-алу, электр тоғымен зақымданбау, құралды пайдалану барысында жарақаттан сақтанып, оны бүлдірмеу үшін құралды қолдану барысында қауіпсіздіктің негізгі шараларын, сондай-ақ электр құрылғыларымен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң түрде қадағалаңыз.

Назар аударыңыздар! Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолданып, ақаулықтарға қатысты мәселерді шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

8. БУМЕН ЖІБІТЕТІН ҮТІКТЕГІШ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны өзге де электр құралдармен ұшайырға біркелкі қосуға тыйым салынады.
- Электрлі токпен зақымданбау үшін құрылғы, оның электр желілік баусымын және де, электр желілік баусымның штепсельді ашасын суға немесе өзге де сұйықтықтарға батырып салуға тыйым салынады.
- Құрылғыны бөлшектеу мен тазалаудың алдында, сонымен қатар құрылғының суға арналған резервуарына суды құю немесе төгу алдында, сондай-ақ құрылғымен пайдаланбасаңыз бумен жібітетін үтітегіш құрылғыны әрдайым сөндіріп, электр желіден ажыратыңыз.
- Электр желіге қосылып тұрған бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны бақылаусыз қалдыруға болмайды. Үтіктеп жатқан бөлмеден шығар алдында бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны электр ток көзінен ажыратыңыз, Сіз аз ғана уақытқа шығатын болсаңыз да, бұл ережені жоққа шығаруға болмайды.
- Балаларды бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыға жақындатпаңыз, себебі будың теріге тиіп, дененің күйюіне алып келуі әбден мүмкін.
- Жұмыс барысында күйіп қалмау үшін құрылғыны буды жіберу батырмасы орналасқан деңгейінде қолыңызда ұстаңыз, себебі үтіктегіштің жоғарғы бөлігі жұмыс барысында қызады.
- Құрылғыдағы субүріккіш шүмегі (сопло) жағында орналасқан бу шығатын саңылауларды жаппаңыз және оларға бөгде заттарды салмаңыз.
- **Адамның үстіндегі киімді бумен жібітіп үтіктеуге тыйым салынады.**
- Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны қосылу күйінде электр не газ пештің жанында немесе өзге де электр қыздырғыш құрылғылардың жанында пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны жазық, ылғалды өткізбейтін қабатта тігінен орнатыңыз, оны көлденең орналастырып, кері қаратып аударуға болмайды.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кіретін қондырмаларды ғана қолданыңыз.
- **Құрылғыда су жоқ болса, оны іске қоспаңыз. Құрылғының суға арналған резервуарында судың мөлшері азайғанда, тез арада құрылғыны сөндіріңіз.**
- Құрылғыны адамдарға, жануарларға, жиһазға, электр құрылғыларға, кітаптарға, сондай-ақ ыстық будың әсерінен зақымдалатын кез келген заттарға бағыттауға тыйым салынады.
- Құрылғының электр желілік баусымын ыстық заттармен немесе үтіктің табанымен жанасуға жол бермеңіз.
- Құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын немесе оны тазалаудың алдында, сонымен қатар құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырмас бұрын, бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны әрдайым сөндіріп, электр ток көзінен ажыратыңыз.
- Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғы зақымдалған болса, оны пайдаланбаңыз. Құрылғыда қандай да бір ақау пайда болса, оны жөндеу үшін құрылғыны өкілетті қызмет көрсету орталығына апарыңыз.
- Біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған жөндеу жұмыстары қолданушыға қауіп-қатер төндіруі мүмкін немесе сәтсіз оқиғаға әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғының суға арналған резервуарына сірке қышқылын немесе қақ тазартуға арналған арнайы заттарды құюға болмайды. Құрылғының суға арналған резервуарына тұрмыстық сүзгіден қосымша тазалықтан өткен таза суды құйыңыз (қажет болған жағдайда). Газдалған суды және хош иісті парфюмериялық қоспаларды пайдаланбаңыз.
- **Назар аударыңыздар!** Құрылғыны қайта орамас бұрын және оны қорабына салмас бұрын, оны тік қалпында орнатып, ол суығанша күте тұрыңыз.

9. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРАЛДАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Құрылғыны пайдалану «Тұтынушылардың электрлі орнатуларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт бойы пайдалану құрылғының істен шығуына, зақымдалуына немесе адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғы осы нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Әр кезде құрылғыны қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрал жерге, еденге құлаған жағдайда немесе қандай да бір ақау түрі байқалса, құралды пайдаланбаңыз. Құралды пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсетіңіз.
- Құрылғы еденге, жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны пайдаланбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, құрылғыны тек қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана тексеру тиіс.
- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Іске қосылып тұрған құрылғыны бақылаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- **Назар аударыңыздар!**
Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электр желіден ажыратыңыз. Сонымен бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғы жоғары температураның әсеріне, тікелей күн сәулесіне, сүйір бұрыштарға соғылудан, және ылғалға ұшырамайтындай етіп, сақталуы керек (Құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды). Ылғал қолмен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электр желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Қоректендірудің стандартты емес көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдалануға болмайды. Желілік ұзартқышты пайдаланбас бұрын, оның жерге тұйықталған екендігіне көз жеткізіңіз.
- Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, оны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып қалса, сондай-ақ құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, оны әрдайым желіден ажыратыңыз.
- Электр желінің шамадан тыс жүктелуіп қалуына жол берменіз, бұл құрылғының бұзылуына және жазатайым оқиға әкеп соғуы мүмкін. Бұл сәтсіз оқиғаларға жол бермес үшін, құрылғы қосылып тұрған электрлік розеткаға бір мезетте бірнеше қуатты электр құралдарды желілік ұзартқыштарды пайдалана қоспаңыз. Желілік ұзартқышты пайдалану барысында, оған бірнеше

қуаттылығы мықты электр құрылғылар қосылған жағдайда, бұл құрылғыны іске қосу үшін пайдаланбаңыз. Желілік ұзартқышты пайдаланбас бұрын, оның ақаулы еместігіне көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны желілік баусымнан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Құрылғыны электр желіден ажыратқан кезінде оның штепсельді айыршасынан ұстаңыз.
- Құрылғыны ток көзіне жалғастырып қосқан кезде немесе оны ток көзінен ажырату барысында, электрлік тоқ соққысынан сақтану үшін, оның электрлік баусымдағы штепсельді айыршаның металл бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- Пайдаланып болғаннан кейін, электрмен қоректендіру сымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл сымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда сақтау үшін сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.



Назар аударыңыз! Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы орынға өткізіңіз. Бұл әрекетіңізбен Сіз қоршаған ортаны қорғауға септігіңізді тигізесіз.



Назар аударыңыздар!

Кез келген ақау орын алған жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз

10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PGS 1505C - POLARIS сауда маркалы электрлі тұрмыстық бұмен жібітетін үтіктегіш құрылғы

Кернеуі: 220 – 240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Қуаттылығы: 1200-1400 Вт.

Қорғаныс жіктелімі – I.

***Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.*

11. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

EAC



RoHS
COMPLIANT

CE



Бұйымның жарамдылық мерзімі:

3 жыл

Бұйымға кепілдік мерзімі:

сатып алған күннен бастап 1 жыл

Өнімді өндіріп шығарылған мерзімі туралы ақпарат құралдың сыртында көрсетілген.

Өндіруші:

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
at factory NINGBO HAOJIA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD
No.8 Weisi Rd, Yaobei Industry Zone, Yuyao City, Ningbo, China

**Импорттаушы және өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі
Уәкілетті өкілі:**

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

12. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Бұмен жібітетін шағын үтіктегіш құрылғы

Моделі: PGS 1505C

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер мен әк шөгінділерінің, су тастары мен қас, түзілген тұнбаның әкті түзілімнің салдарынан туындаған бүлінудер мен құрылғының сыртқы не ішкі қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
 5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өнделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан